

**КҮРİŞ АЛҚАБЫНДАҒЫ ТҰЗДЫ ТОПЫРЫҚТАРДЫҢ ҚҰНАРЛЫЛЫГЫ МЕН
ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ**

**II. Өте тұзданған ауыр және жеңіл гранулометриялық
құрамдардағы топырақтарды мелиорациялау**

Ж.Ү.Мамытов, М.Б. Есімбеков

**Ә.О. Оспанов атындағы Қазақ топырақтану және агрохимия ғылыми зерттеу
институты, Алматы, Академқалашығы, алФараби даңғылы, 75в,
Email:ab.saparov@yahoo.com**

Өте тұзданған ауыр және жеңіл гранулометриялық құрамдардағы топырақтарды мелиорациялап игеру, олардың химиялық, физикалық құрамдарын жақсарту арқылы және микроагзалиқ үрдістерін реттеу жолдарымен іске асырылды. Бұл топырақтардың әрқайсысына арналған технологияларды (НТОЗ-3, 4) пайдалану арқылы, топырақтардағы тұздардың жалпы мөлшерін ұзақ уақыт жуып-шайып кетірмей-ақ, бірінші жылы-ақ күріштің онтайлы өнімін алуға болады. НТОЗ-3, 4 технологияларды пайдалану экономикалық тұрғыда тиімді және экологиялық жағынан зиянсыз екендігі дәлелденді.

KIPIСПЕ

Осы мақаладан бұрын Қазақстандағы күріш алқаптарында жайғасқан орташа гранулометриялық құрамдағы тұзды және тұзданбаған топырақтарды мелиорациялау технологияларын (НТОЗ-1, 2) баяндаған болатынбыз [1]. Соның жалғасы ретінде ауыр және жеңіл құрамдағы өте тұзданған топырақтардың құнарлылықтарын арттырудың жаңа технологияларын (НТОЗ-3, 4) ұсынып отырмыз. Бұл тәсілдер зерттелген топырақтардың физикалық және химиялық қасиеттерінің жағымсыз параметрлерін онтайландыру арқылы жүзеге асырылды. Физикалық қасиеттерін реттеу үшін бентонитті балшықтарды, ал химиялық қасиеттерін жақсартуға әртүрлі химиялық заттар пайдаланылады. Нәтижесінде топырақтардағы уытты тұздарды жуып-шаймай-ақ, бірінші жылы күріш өнімін алу мүмкіндіктері туындағы.

Тұзданбаған ауыр механикалық құрамдағы топырақтар жайғасқан атыздар (чектер) күріш өсіріп, балтаудағы ең күнарлы және өнімді мол алатын жерлердің санатына жататыны белгілі. Себебі, мұндай атыздарды көп жылдар суға бектіріп, кәріздік атыздарға суы сүзіліп кеткенімен, топырақтағы

күрішке қажетті қоректік заттар шығындалмай орындарында қалады. Өйткені, сүзінді сулардың қарқыны (фильтрация) өте аз мөлшерде болады да, жылда берілетін тыңайтқыштар толық сүзіліп кеттепей, тек қана, күріштің қорегіне жұмсалып, одан артылғандары топыраққа сіңіп, келесі жылдың игілігіне жұмсалады. Мұндай топырақтар жылдан-жылға батпақтық қасиеттері артып, құнарлылықтары молайып, күріш өсімдіктерінің өніп, өсіп, дамуына нағыз керекті жағдайларды туыннатады да, ең жоғарғы өнім алуға мүмкіндік жасайды.

Сөйтіп, бір қарағанда, ауыр механикалық құрамдағы топырақтарға күріш егудің ешбір артық машақаты болмайдындей көрінеді. Бірақ, осындағы, өте пайдалы қасиеттерге ие топырақтар тұзданған кезде келесі пайдасыз (зиянды) қасиеттерге ұшырайды:

- күріш атызынан кәріздік каналдарға өтетін судың қарқыны өте аз болғандықтан, жуынды сумен кететін тұздардың мөлшері минимумға жетеді;

- осының салдарынан уытты тұздардың топыраққа сіңу (адсорбция) қабілеттілігі артып, оның ішінде бордың мөлшері кемімей, ерігіштігі молая береді;

- атыздан көрізге қарай өтетін судың қарқыны өте аз болғандықтан, топырақ борсып (тотықсызданып), «бақа тосқын» (балдырлар) көбейіп, өте уытты күкіртті сутегі, метан және т.б. мөлшері шамадан тыс жоғарылап, күріш өскіндерінің қалыпты жағдайда өсуіне мүмкіндік бермейді;

- осылардың нәтижесінде топыраққа егілген күріш дәндері мұлдем өнбей қалып (топырақтың тұздарында консервіленеді), ал өнін шыққан өскіндер 3-4 жапырақтық кезеңге келгенде, жаппай қырылып қалады;

- осындай атыздар күріш егуге мұлдем жарамсыз болып, "тастанды жерлерге" айналады;

- бұл атыздардағы көп мөлшердегі тұздар айналасында жайғасқан жерлерді біртіндеп ластап, олардың құнарлылықтары мен өнімділіктерін кемітеді.

ЗЕРТТЕУ НЫСАНДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Зерттеу нысандары ретінде Ақдала, Қазалы, Қаратал күріш алқаптарында жайғасқан өте тұзданған ауыр және жеңіл гранулометриялық құрамдардағы топырақтар қамтылды. Осы топырақтарды мелиорациялау барысындағы қолданған химиялық заттардың әсерлерін зерттеу осы жұмыстың екінші нысанына жатады. Сондықтан осыларды пайдаланудың қысқаша ғылыми негіздеріне тоқталуды жөн көрдік [2].

"BXB" деп аталатын химиялық қосылыс ауыр механикалық құрамдағы топырақтары бар атыздардың су режимін реттеп, көрізге өтетін судың қарқының көбейтіп, борсу мен «бақатосқынды» болдырмайды. Бұл зат гектарына 5 тоннаға дейін жұмсалып, 5-7 жылда қайталанады [3].

"ПА" препараты тұқымды егу алдында өндеп, оның тұзға төзімділіктерін артырып, өніп-өсуіне жағдай жасайды. Бұл

зат 1 тонна тұқымды өндеу үшін 675 грамм мөлшерде жұмсалады [4].

"ПФХМ" топырақтағы бордың уыттылығын бейтараптандырады. Егер топырақтағы бордың мөлшері 6 мг/кг-нан аспаса, ПФХМ-ды гектарына 200 г мөлшерде пайдаланынады [5-9].

НӘТИЖЕЛЕР МЕН ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ

Енди, осы заттарды іс жүзінде пайдалану ретін(технологиясын) баяндайық. Ескерттетін бір жағдай, біздің ұсынып отырған осы технологияларды орындау үшін, күріш атыздарын егіндікке дайындаудың Қазақстанда қолданылып жүрген, (дәстүрге айналған) әдістерді түбекейлі өзгертпейді. Жоғарыдағы көрсетілген химиялық заттар ерте көктемдегі жерді жырту, қосыту (дискование), малалау, тыңайтқыштарды қолдану, дәнді егу және атыздарды суға бектіру сияқты әрекеттердің араларынан орын алады. Нақтылап айтсақ, НТОЗ-3-ті пайдалану келесі ретпен іске асырылады: BXB атыздағы топырақтың тығыздылығына қарай, гектарына 3-5 тоннаға дейін, тұқымды себу алдында РУМ механизімін пайдаланып беріледі. Осының артынан, себер алдында ПА – мен өндеген тұқым себіліп, оның үстіне іле-шала гектарына 200кг-ға дейін ПФХМ шашылады. Эрі қарай атызды сумен біртіндеп бастырып, "НТОЗ-1" технологиясында жүргізеді [1, 6]. Нәтижесінде, топырақтағы тұздарды толық кетірмей-ақ бірінші жылы оңтайлы өнім алып, бұрыннан және қазіргі кезде пайдаланып жүрген дәстүрлі технологиялармен салыстырғанда, экономикалық пайdasы әлдеқайда артық болып, экологиялық жағынан зиянсыздығы дәлелденді. Бұл технология Қазалы күріш алқабында 2010 жылдан бері қолдана басталды.

НТОЗ – 3-тің экономикалық тиімділігі 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте - "НТОЗ-3" технологиясының экономикалық тиімділгі

P/C	Көрсеткіштері	1 - жыл	2 - жыл	3 - жыл
1	НТОЗ-3-ке кететін шығын, тг/га	326360	13000	13000
2	1ц салы-күріштің оргаша құны, теңге	4500	4500	4500
3	НТОЗ-3-тің әсерінен жогарлайтын қосымша өнімнің құны, тг/га	112500	157500	180000
4	Таза пайда, тг/га	213860	144500	167000

Кестеде көрсетілгендей, бұл технологияның таза пайдаға әсері бірінші жылды теріс мәнде болып, екінші жылды өзін-өзі ақтап, оның үстінде 14400 теңге қосымша пайда келтіріл, ал үшінші жылды таза пайда 167000 теңгеге жоғарлайды [3].

Бұл көрсеткіш 7-9 жылға дейін төмендемей, одан кейін НТОЗ -3- ті қайтадан тағы да бір рет қайталауға болады.

Күріш атыздарындағы жеңіл механикалық құрамындағы тұзданған топырақтарды мелирациялауға "НТОЗ -4" технологиясы арналды. Бұлар құрамында тұздары мол топырақ асты сулары (грунтова вода) арқылы тұзданады. Мұндай сулардың деңгейі жердің бетіне дейін көтеріліп, топырақтарды сорға айналдырып, уытты бор қосылыстары топыраққа сіңіп, қайтадан жуылуы қызын болады. Бірақ, мұндай топырақтары бар күріш атыздарын сумен қаншалықты бастырығанмен іркіліп тоқталмай, кәріздік каналға қарай қарқынды өте береді де, өзімен бірге күрішке қажетті қоректік заттарды (азот, фосфор, калий, т.б) ала кетіп, топырақты жылдан-жылға құнарсыздандыра береді.

Сөйтін, бұл топырақтардың екі түрлі жағымсыз жағдайларын жою қажеттілігі туындаиды. Біріншісі – атызды бастырыған судың кәрізге қарай өту (фильтрация) жылдамдығын бәсендешту немесе мүлдем тоқтату [10, 11], ал екіншісі –

топыраққа сіңген бордың уыттылығын бейтараптандыру [7,8]. Осы, соңғы мәселені, ПФХМ – пайдалану арқылы шешсек (ол туралы жоғарыда толық баяндадық), фильтрацияны тоқтату үшін бентонитті балышқтарды (бентонитовые глины - БГ) пайдалануға тура келді. Бұл табиғи заттардың қордасы Сырдария, Іле, Қаратал өзендерінің бойларына жақын жерлерде молынан жайғасқан. Тек қана қазып алып, уатып, жеңіл топырақтардың бетіне шашып, атыздарды суға бастырығанда БГ ісініп, көлемін 14 есеге дейін ұлғайтады да, судың кәріздік каналға өту қарқынын күрт төмендетеді. Осының нәтижесінде үнемделетін судың мөлшері 79 % -ға дейін жететіндігі дәлелденді. Бұған қоса, күріштен өнімді бірінші жылды-ақ толық аламыз. Мұның себебі келесідей:

- топырақтың өзінде болатын қоректік заттармен қатар, оған берілетін тыңайтқыштар жуылып кетпей сақталып қалады;;

- топырақтағы бордың уыттылық қасиетін ПФХМ арқылы бейтараптанырады;

- БГ-нің құрамындағы әралуан микрорэлементтері күріштің өнімділігін арттыруға әсерін тигізеді;

Сонымен, НТОЗ - 4-ті іс жүзінде келесі технологиялық ретпен пайдаланылады:

- атызды малалап біткеннен кейін, түқым себудің алдында, РУМ механиз-

імен гектарына 10 тоннаға дейін уатылған БГ шашылады;

- себудің алдында ПА препараттарымен тұқымды өндейді;

- сепкеннен кейін, ПФХМ-ді гектарына 200 кг-нан береді;

2-кесте - "НТОЗ - 4"-тің экономикалық тиімділігі

P/C	Көрсеткіштері	1 - жыл	2 - жыл	3 - жыл
1	НТОЗ-3-ке кететін шығын, тг/га	326360	13000	13000
2	1ц салы-күріштің орташа құны, теңге	4500	4500	4500
3	НТОЗ-3-тің әсерінен жоғарлайтын қосымша өнімнің құны, тг/га	112500	157500	180000
4	Таза пайда, тг/га	213860	144500	167000

Жоғарыдағы кестеде көрсетілгендей, НТОЗ -4-ті пайдаланғанда, жеңіл механикалық құрамдағы өте тұзданған топырақтардан түсегін пайда бірінші жылы 49440 теңге болса, үшінші жылы 179500 теңгеге жетеді. Бұл көрсеткіштер 5-7 жылда біртіндеп тәмендейтіндіктен, тағыда «НТОЗ-4»-ті қайталауға болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

1. Өте тұзданған ауыр және жеңіл гранулометриялық құрамдағы топырақтарды мелиорациялап игеру, олардың химиялық, физикалық құрамдарын жақ-

- атызды суға бастыру және әрі қарайғы су режимі НТОЗ – 1,2,3-ке үқсас болады.

НТОЗ-4 – тің экономикалық пайдасы 2-кестеде көрсетілген.

саруту арқылы және микроагзалық үрдістерін реттеу жолдарымен іске асырылды.

2. Бұл топырақтардың әрқайсысына арналған технологияларды (НТОЗ-3, 4) пайдалану арқылы, топырақтардағы тұздардың жалпы мөлшерін ұзақ уақыт жуып-шайып кетірмей-ақ, бірінші жылы-ақ күріштің оңтайлы өнімін алуға болады.

3. НТОЗ-3, 4 технологияларды пайдалану экономикалық тұрғыда тиімді және экологиялық жағынан зиянсыз екендігі дәлелденді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мамутов Ж.У., Есимбеков М.Б. Күріш алқабындағы тұзды топырақтардың құнарлылығы мен өнімділігін арттырудың жаңа технологиялары. I. Әр түрлі дәрежелерде тұзданған топырақтарды мелиорациялау // Почвоведение и агрохимии. Алматы. 2011. № 2. С. 66-75.

2. Мамутов Ж.У., Есимбеков М.Б. Система ведения сельского хозяйства Алматинской области. Монография. ТОО «Нурлы-Алем», Талдыкорган. 2005. 292 с.

3. Есимбеков М.Б. Научно-экспериментальные основы освоения засоленных почв под культуру риса в Казахстане. Диссертация на соискание ученой степени доктора сельскохозяйственных наук. Алматы. 2010. 208 с.

4. Мамонов А.Г., Мамутов Ж.У. Наноагромелиоративные приемы повышения плодородия почв и продуктивности зерновых культур на почвах юго-востока Казахстана. Алматы. 2009. 47 с.

5. Мамутов Ж.У., и др. Способ предпосевной обработкам семян зерновых культур. А.С. СССР №1596500. 1990.

6. Егоричев Г.А., Корниенко В.А., Мамутов Ж.У. Временные рекомендации по применению новых технологий освоения засоленно-солонцеватых и щелочных почв Ақдалинского массива. Алма-Ата. 1982. 15 с.
7. Егоричев Г.А., Байменова А.Т., Корниенко В.А., Мамутов Ж.У. Способ борьбы с борным токсикозом почв рисовых полей. А.С. СССР. №1068459. 1983 г.
8. Ергожин Е.Е., Мамутов Ж.У., Таусарова Б.Р., Байменова А.Т., Мамонов А.Г. Средство для борьбы с борным токсикозом почв рисовых полей. А.С. СССР. №1183524. 1985.
9. Есимбеков М.Б. Мелиорация засоленных почв тяжелого механического состава (ТМС) в производственных условиях // «Исследования, результаты». Алматы. 2009. N 4. С. 58-62.
10. Есимбеков М.Б. Использование бентонитовых глин для сохранения и повышения плодородия такыровыдных почв рисовых полей // Международная научная конференция «Проблемы генезиса, плодородия, мелиорации, экологии почв, оценка земельных ресурсов». Алматы. 2002. С. 171-174.
11. Есимбеков М.Б. Влияние бентонитовых глин-экологически чистых руд на урожай риса и экономию поливной воды // Международная научная конференция «Проблемы генезиса, плодородия, мелиорации, экологии почв, оценка земельных ресурсов». Алматы. 2002. С. 174-176.

РЕЗЮМЕ

Мелиоративное освоение очень сильно засоленных почв тяжелого и легкого гранулометрического состава возможно на основе улучшения физических, химических методов, а также путем регулирования микробиологических процессов. Путем применения специальных технологий (НТОЗ-3,4) для этих почв можно получить оптимальный урожай риса в первый же год, без длительного промывания солей из этих почв. Доказано, что применения технологии (НТОЗ-3, 4) с экономической точки зрения эффективно и экологический безвредна.

SUMMARY

Reclamation development of strongly saline soils of heavy and light granule-metric composition is possible due to the improvement of physical, chemical methods, as well as regulating microbial processes. By using special, technology (NTOZ-3, 4) for these soils it is possible to obtain the optimal yield of rice in the first year, without washing of salts from these soils. It is proved that the use of technology (NTOZ-3, 4) is efficient from economic point of view and is environmentally friendly.